

ҰББДҚ (Ұлттық білім беру деректер қоры) – бұл Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі барлық білім беру ұйымдарының, оқушылардың, студенттердің, педагогтардың, және басқа да қатысушылардың мәліметтерін қамтитын бірыңғай ақпараттық жүйе.

ҰББДҚ-ның негізгі мақсаты:

- Білім беру ұйымдары туралы толық және нақты ақпарат жинау.
- Оқушылар мен мұғалімдер туралы мәліметтерді жүйелеу.
- Білім беру саласын басқаруды оңтайландыру және тиімді ету.
- Статистикалық талдау жасау үшін ақпарат беру.

ҰББДҚ құрамына кіретін мәліметтер:

1. Білім беру ұйымдары туралы ақпарат:

- Мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары.
- Материалдық-техникалық база, кадрлық ресурстар.

2. Оқушылар мен студенттер туралы деректер:

- Жасы, сыныбы/курсы, оқу нәтижелері.
- Қатысуы және үлгерімі.

3. Педагогтар мен қызметкерлер туралы мәліметтер:

- Білімі, еңбек өтілі, санаты.
- Аттестация нәтижелері.

4. Оқу үрдісі туралы деректер:

- Бағдарламалар мен оқу жоспарлары.
- Бағалау жүйесі мен нәтижелері.

<https://nobd.edu.kz/login>

BilimLand - цифрлық интерактивті сабақтар, оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген, мектепте оқытылатын пәндер бойынша интерактивті сабақтар мен факультативтер, сондай-ақ оқушылардың бойындағы ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға және мектеп теориясын іс жүзінде қолдануға арналған қосымша ресурстар.

- Электронды оқулықтар
- Заманауи электронды оқулықтар оқушылардың бойында негізгі құзыреттіліктерді интерактивті, ыңғайлы құралдар арқылы дамытуға бағытталған.
- Бастауыш мектеп
- Бірігей білім беру видеоресурсы

- Виртуалды зертхана
 - ҰБТ-ға дайындық
 - Халықаралық стандарттарға негізделген курстар
- <https://bilimland.kz/kk>

«Күнделік (Kundelik)» ЖШС – қазақстандық АТ-компаниясы, білім беру басқару мекемелердің өкілдеріне, сондай-ақ мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға, білім беру ұйымдарының әкімшілеріне бірыңғай электрондық білім беру аймағының әзірлеушісі.

Компанияның флагмандық өнімі – автоматтандырылған ақпараттық білім беру «Күнделік» жүйесі, электрондық құжат айналымдары білім беру ұйымдарының және әлеуметтік желілік өзара іс-қимыл құралдары барлық білім беру процесінің қатысушыларына мүмкіндіктерін біріктіреді: педагогтармен, ата-аналармен және оқушылармен.

Қызметінің басты бағыттары:

Мектептің білім беруін жаңғырту.

АКТ-ның озық интеграциясы білім беру процесінде.

«Педагог-оқушы-ата-ана» коммуникациясын интерактивті дамыту.

Бірыңғай ортаның ақпараттық алмасуын енгізу.

Мектеп экожүйесіне қызмет көрсету және құру.

Қашықтықтан білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

<https://kundelik.kz/>